

«Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің 2024-2028 жылдарға арналған стратегиялық жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Төрағасының 2024 жылғы 30 қыркүйектегі № Б-311 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің 2024-2028 жылдарға арналған стратегиялық жоспарының іске асырылуы туралы есеп

Есеп беру кезеңі: 2024 жыл

Мақсаттар мен нысаналы индикаторларға қол жеткізу

Нысаналы индикатордың атауы	Өлшем бірлігі	Есепті кезең		Ескертпе (орындалуы / орындалмауы туралы ақпарат)
		Жоспар	Факт	
1	2	3	4	5
1-стратегиялық бағыт. Қаржы нарығының тұрақтылығын қамтамасыз ету				
1.1-мақсат. Банк секторының орнықтылығын арттыру				
1-нысаналы индикатор. Банктердің несиелік портфеліндегі негізгі борыш және/немесе сыйақы бойынша төлем мерзімі 90 күннен асқан қарыздар үлесі	%	0-4	3,1	Орындалды
1.2-мақсат. Сақтандыру нарығы субъектілерінің орнықтылығын арттыру				
2-нысаналы индикатор. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қаржылық орнықтылығының біріктірілген индексі	коэффициент	1-ден 2,42-ге дейін	1,83	Орындалды
1.3-мақсат. Бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің орнықтылығын арттыру				
3-нысаналы индикатор. БҚНҚҚ капиталының 2023 жылғы деңгейден өсімі	%	кем дегенде 5	14,2	Орындалды
2-стратегиялық бағыт. Қаржы секторының экономиканы қаржыландырудағы тиімділігін арттыру				
2.1-мақсат. Екінші деңгейдегі банктердің нақты секторға кредит беруін кеңейту				
4-нысаналы индикатор. Банктердің бизнеске берілген кредиттерінің 2023 жылғы деңгейден өсімі	%	кем дегенде 20	16,3	81,5%-ға орындалды

2.2-мақсат. Сақтандыру секторының экономикадағы рөлін арттыру					
5-нысаналы индикатор. Сақтандыру ұйымдары активтерінің 2023 жылғы деңгейден өсімі	%	кем дегенде 10	25,3	Орындалды	
2.3-мақсат. Ұлттық қор нарығының экономиканы қаржыландырудағы және инвестициялар тартудағы рөлін күшейту					
6-нысаналы индикатор. KASE-ге тартылған қаражаттың жиынтық көлемінің 2023 жылғы деңгейден өсімі	%	кем дегенде 75	226	Орындалды	
2.4-мақсат. Микроқаржыландыру нарығының экономиканың өсуін қамтамасыз етудегі маңызын арттыру					
7-нысаналы индикатор. МҚҚЖҰ несие портфеліндегі бизнеске берілетін микрокредиттердің үлесі	%	кем дегенде 50	58,9	Орындалды	
3-стратегиялық бағыт. Қаржы ұйымдарының адал іс-әрекетін қамтамасыз ету, қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды күшейту					
3.1-мақсат. Қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау жүйесін жетілдіру және халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру					
8-нысаналы индикатор. Қаржылық сауаттылық индексі	%	41	41,2	Орындалды	
4-стратегиялық бағыт. Қаржылық технологиялар мен инновацияларды дамыту					
4.1-мақсат. Цифрлық инфрақұрылымды дамыту және қаржы нарығында инновацияларды енгізу					
9-нысаналы индикатор. Қазақстан Республикасының қаржы секторын дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарының 2. «Инновацияларды, қаржылық технологияларды, жаңа бизнес-модельдерді және қаржы нарығындағы құзыреттерді дамыту» бағыты бойынша Агенттікке бекітілген іске асырылған іс-шаралар коэффициенті	%	34	37,5	Орындалды	

**Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту
агенттігінің 2024-2028 жылдарға арналған стратегиялық жоспарының
іске асырылуы туралы 2024 жылғы есепке
талдамалық жазба**

Мақсаттар мен нысаналы индикаторларға қол жеткізу

**1-стратегиялық бағыт. Қаржы нарығының тұрақтылығын
қамтамасыз ету**

1.1-мақсат. Банк секторының орнықтылығын арттыру.

1-нысаналы индикатор. Банктердің несиелік портфеліндегі негізгі борыш және/немесе сыйақы бойынша төлем мерзімі 90 күннен асқан қарыздар үлесі – 4,0%-дан артық емес (2025ж.01.01. – 3,1%).

Банк секторының қаржылық орнықтылығын нығайту үшін Агенттік 2024 жылы тәуекелге бағдарланған тәсілді іске асыруды жалғастырды.

1. Жетілдірілген әдіснама бойынша 21 банк бойынша SREP (Supervisory Review and Evaluation Process) жыл сайынғы қадағалау бағалау жүргізілді, оның қорытындысы бойынша банктерге қатысты анықталған тәуекелдерге қарай қадағалау шешімдері қабылданды. Банктерге қатысты орын алған тәуекелдер мен кемшіліктерді жоюға және барынша азайтуға бағытталған негізгі шара банктер капиталының жеткіліктілік нормативтеріне қадағалау үстемесін қолдану болды.

Жаңартылған әдіснама Агенттікке банктердің ішкі процестеріне неғұрлым егжей-тегжейлі талдау жүргізуді қамтамасыз етуге, сандық және сапалық көрсеткіштердің неғұрлым кең кешенін пайдалануға, екінші деңгейдегі банктердің басшылығымен сұхбат жүргізуге және комплаенс-топтың бағалау нәтижелерін валидациялауға мүмкіндік берді. Қадағалау қызметін цифрландыру шеңберінде Агенттіктің SupTech-бастамалары шеңберінде қадағалау платформасына ықпалдастырылған SREP арнайы web-қосымшасы әзірленді.

2. Агенттік банк жүйесі активтерінің 85%-ы бар 11 банк бойынша тұрақты AQR кезекті циклін өткізді. Тұрақты AQR SREP бағалауымен және қадағалау стресс-тестілеуімен бірге қадағалау циклінің бөлігі болып табылады және халықаралық стандарттар бойынша банктердің кредиттік тәуекелі мен резервтерінің жеткіліктілігін бағалаудың негізгі құралы болады. Бұл талдаудың нәтижелері банктердің резервтері мен капиталын түзетеді, бұл жыл сайынғы қадағалау стресс-тестілеудің бастапқы нүктесі болып табылады.

2024 жылы бағалауды қамту 27,4 трлн теңгеге жетті, бұл өткен жылмен салыстырғанда 31,3%-ға артық. Тұрақты AQR қорытындысы бойынша 11 банк бойынша капитал жеткіліктілігінің жалпы деңгейі 16,3%-ды құрады, бұл ең төменгі реттеушілік талаптан (5,5%) жоғары. 2024 жылғы реттеушілік AQR қорытындысы бойынша есеп Агенттіктің сайтында орналастырылған.

3. Агенттік AQR аясына сәйкес 11 банкке қадағалау стресс-тестілеуді (ҚСТ) өткізді. ҚСТ нәтижелері бойынша стресстік сценарийде 11 банк бойынша капиталдың жиынтық жеткіліктілігі 16,3%-дан 15,0%-ға дейін төмендеді, бұл да ең төменгі реттеушілік талаптан жоғары.

4. 2024 жылы ХВҚ мен Дүниежүзілік Банктің Қазақстанның қаржы

секторын бағалау бағдарламасының (FSAP) қорытындылары бойынша ұсынымдарын ескере отырып, қаржылық тұрақтылықты арттыру үшін банк конгломераттарын шоғырландырылған қадағалаудың барлық элементтерін енгізу қамтамасыз етілді. Атап айтқанда, банк конгломераты қатысушыларының меншікті капиталына қойылатын ең төменгі талаптарды дәлірек бағалау үшін банк конгломератының меншікті капиталының жеткіліктілігін есептеудің жаңа тәртібі енгізілді. Мәселен, банк конгломератының меншікті капиталының жеткіліктілік коэффициентінің мәні 1,0-ге тең немесе одан жоғары деңгейде айқындалды. Бұл ретте конгломератқа қатысушы банктің меншікті капиталының қажетті мөлшері ол үшін белгіленген капиталдың жеткіліктілік коэффициенті және SREP нәтижелері бойынша немесе SREP және тұрақты AQR нәтижелері бойынша қадағалау үстемесі нормативі ескеріле отырып есептеледі.

Бұдан басқа, банк конгломератының тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерін қалыптастыруға, оның ішінде: 1) конгломераттың жұмыс істеу процесінде банк холдингінің директорлар кеңесінің рөлін күшейту; 2) банк конгломератының капиталын басқару процестеріне қойылатын талаптарды белгілеу; 3) банк конгломератына тән негізгі тәуекелдер бойынша стресстестілеу және сезімталдықты талдау жүргізу жөніндегі талаптарды енгізу; 4) банк конгломераты қатысушыларының өтімділік тәуекелін мониторингтеуге және бақылауға қойылатын талаптарды белгілеу арқылы талаптар енгізілді.

5. Банктік кредиттердің сапасын бағалауды жақсарту және кредиттік тәуекелді басқару үшін 9 ХҚЕС бойынша құнсыздандудың үшінші сатысына жатқызылған қарыздарды, сондай-ақ бастапқы тану сәтінде құнсыздану туралы растау болған қарыздар түрінде сатып алынған немесе құрылған қаржы активтерін қосу есебінен жұмыс істемейтін қарыздар ұғымы кеңейтілді. Мұндай қарыздардың үлесі банктердің несие портфелінің 10%-ынан аспауға тиіс.

6. Нарықтық тәртіптің ашықтығын арттыру және нығайту мақсатында Базель III (Pillar 3) құрауыштарын енгізу бойынша шаралар қабылданды. Осы кезеңде (2025 жылдың қорытындысы бойынша) меншікті капитал бөлігінде (консервациялық және жүйелік буферлерді ескере отырып, капитал жеткіліктілігінің мәні) және кредиттік тәуекелдер бойынша (кредиттік тәуекелге ұшыраған активтер бойынша, кредиттік тәуекелді төмендету әдістері туралы) жылдық негізде ақпаратты жария ету көзделеді. Бұл талаптар 2025 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі.

7. Қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін бағалы қағаздармен «РЕПО» операцияларының орташа айлық мәні үлесінің жиынтық міндеттемелердің орташа айлық мәніне шекті мөлшері белгіленген. Жиынтық міндеттемелердің орташа айлық мәніне тікелей РЕПО операцияларының шекті мөлшері 2025 жылғы 1 ақпаннан бастап жиынтық міндеттемелердің 45%-ынан кем, 2025 жылғы 1 шілдеден бастап 40%-ынан кем және 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап 35%-ынан кем болуға тиіс.

8. Банк жүйесінде жұмыс істемейтін кредиттер мен активтерді төмендету бойынша жүйелі шараларды іске асыру жұмысы жалғасуда.

Агенттік 2026 жылға дейін Стрестік активтерді кезең-кезеңімен қысқарту жөніндегі жоспарлардың орындалуын бақылауды жалғастырды. Банктердің

есептеріне сәйкес, 2025ж.01.01. жағдай бойынша жоспарлар кепілдерді сату, қарыздарды есептен шығару және кешіру, қарыздарды сату, қарыздардың сапасын жақсарту және оларды өтеу есебінен 2,0 трлн теңгеге немесе 86%-ға орындалды.

2024 жылы банктер мен МҚҰ-ның стрестік активтер нарығын дамыту жөніндегі жұмыс: 1) стрестік активтерді сату жөніндегі электрондық сауда алаңдары (бұдан әрі – цифрлық платформалар) түрінде реттелетін цифрлық нарық инфрақұрылымын құру; 2) стрестік активтерді міндетті түрде жоғарыда көрсетілген цифрлық платформаларда ғана сату жөніндегі заңнамалық талаптарды белгілеу жолымен нарықта ұсынысты қамтамасыз ету арқылы жалғастырылды. Ол үшін Агенттіктің «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кредит беру кезінде тәуекелдерді барынша азайту, қарыз алушылардың құқықтарын қорғау, қаржы нарығын реттеуді және атқарушылық іс жүргізуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2024 жылғы 19 маусымдағы № 97-VIII Заңын және бірқатар нормативтік құқықтық актілердің шеңберінде тиісті заңнамалық түзетулер әзірлеу және қабылдау жолымен заңнамалық негіз құрылды.

2024 жылғы қазанда Агенттік DMAS стрестік активтер саудасы бойынша алғашқы цифрлық платформасын аккредиттеді (банк және микроқаржы активтерін сату бойынша электрондық сауда алаңы операторының қызметін жүзеге асыру құқығына 2024ж.07.10. №1 рұқсат) және іске қосты, оның операторы «Бірінші кредиттік бюро» ЖШС болды. Іске қосылған сәттен бастап DMAS платформасында 3,5 млрд теңге сомасына сауда-саттық жүргізілді және стрестік активтер сатылды.

Жоғарыда көрсетілген шаралар банк секторының орнықтылығын арттыруға ықпал етеді. 2025ж.01.01. жағдай бойынша негізгі борыш және/немесе сыйақы бойынша төлем мерзімі 90 күннен асатын қарыздардың үлесі банктердің несие портфелінде нысаналы мәні 4,0%-дан аспайтын кезде 3,1%-ды құрады.

1.2-мақсат. Сақтандыру нарығы субъектілерінің орнықтылығын арттыру.

2-нысаналы индикатор: Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қаржылық орнықтылығының біріктірілген индексі – 1-ден 2,42-ге дейін (2025ж.01.01. – 1,83).

Бұл индикатор сақтандыру ұйымдарының қаржылық орнықтылығын бағалайды және тәуекелдің алты негізгі санатын қамтиды: капитал, активтер, резервтер және қайта сақтандыру, менеджмент, кірістілік және өтімділік. Көрсеткіштің жоспарлы мәндеріне қол жеткізу айтарлықтай дәрежеде сақтандыру ұйымдарының жиынтық активтері мен таза сақтандыру сыйлықақыларының өсуіне байланысты.

2024 жылы Агенттік сақтандыру секторының қаржылық орнықтылығын арттыру үшін сақтандыру секторында тәуекелге бағдарланған қадағалауды дамытуды жалғастырды.

1. SRES (Supervisory Risk Evaluation System, SRES) жыл сайынғы қадағалау бағалау жүргізілді, оның нәтижесінде сандық және сапалық көрсеткіштерді

бағалауды ескере отырып, әрбір сақтандыру ұйымына қатысты қадағалау назарының деңгейлері белгіленді.

2. Сақтандыру ұйымдарының тәуекелдерін дербес бағалауға (Insurance Regulatory Information System) жыл сайынғы талдау жүргізілді, оның нәтижесінде стандартты деректер диапазонынан 4 және одан да көп ауытқулары бар сақтандыру ұйымдары айқындалды, ауытқулардың себептерін анықтау бойынша жұмыс жүргізілді.

3. 2024 жылы Solvency II сақтандыру ұйымдарының төлем қабілеттілігін бағалау бойынша Еуропалық стандарт элементтерін кезең-кезеңімен енгізу бойынша жұмыс жалғастырылды. Атап айтқанда, ведомствоаралық жұмыс тобы шеңберінде төлем қабілеттілігі капиталына қойылатын талаптарды белгілеу бойынша, оның ішінде нарықтық тәуекелдің шығындарын жабу үшін негізгі тәсілдер талқыланды, Solvency II бойынша сақтандыру міндеттемелерін (Best estimated liabilities + Risk margin) есептеу нұсқауының жобасы мен шаблондары пысықталды, 2024ж.01.07. техникалық провизиялардың тестілік есептеулерінің бірінші итерациясы өткізілді және Агенттік қызметкерлері Solvency II бойынша оқытуға қатысты.

4. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарында тәуекел-менеджмент жүйесін ұйымдастыру қағидаларына, оның ішінде келесілерді: 1) директорлар кеңесінің корпоративтік басқарудың тиісті практикасын, іскерлік этиканы және тәуекел-мәдениетті қамтамасыз еткені үшін жауапкершілігін арттыруды; 2) корпоративтік хатшыға және тәуекел-менеджмент бөлімшесінің басшысына қойылатын біліктілік талаптарын белгілеуді; 3) сақтандыру ұйымында клиенттермен жұмыс істеу бойынша ішкі тәртіптің болуын; 4) қызметкерлерге сыйақы құрылымын жария етуді және оның бекітілмеген бөлігін төлеу кезінде қызметкерлердің тиімділігіне бағалау жүргізуді қоса алғанда, еңбекке ақы төлеу саясатына қойылатын талаптарды айқындауды; 5) тәуекелдерге негізделген, талап етілетін капиталға жыл сайынғы өзіндік бағалау жүргізуді (бұл бағалау 2025 жылдан бастап жүзеге асырылатын болады және оның қорытындылары қаржылық орнықтылықты қамтамасыз ету бойынша басқарушылық шешімдер қабылдау үшін негіз болады) көздейтін түзетулер қабылданды.

Жоғарыда аталған шаралар сақтандыру секторының орнықтылығын арттыруға, сондай-ақ нысаналы мәні 1-ден 2,42-ге дейінгі аралықта болған кезде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қаржылық орнықтылығының біріктірілген индексінің 1,83 деңгейінде қалыптасуына ықпал етті.

1.3-мақсат. Бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің орнықтылығын арттыру.

3-нысаналы индикатор: БҚНҚК капиталының 2023 жылғы деңгейден өсімі – кемінде 5% (2025ж.01.01. – 14,2%).

Бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің орнықтылығын арттыру мақсатында 2024 жылы Агенттік мынадай шараларды іске асырды.

1. Risk Assessment Supervision System әдістемесі бойынша жыл сайынғы қадағалау бағалау жүргізілді, нәтижесінде нарыққа қатысушылар өз қызметінің

ауқымы мен қабылданатын тәуекелдерді ескере отырып, тәуекел дәрежесі бойынша сараланды.

2. Ай сайынғы негізде меншікті капиталдың жеткіліктілік көрсеткіштерін бағалауды қоса алғанда, БҚНҚ-ның қаржылық орнықтылығына мониторинг жүргізілді. Кәсіби қатысушылардың қаржылық орнықтылығының нашарлау белгілері анықталған кезде олардың қаржылық жағдайын жақсартуға бағытталған ерте ден қою шаралары қолданылды.

3. VaR әдістемесі негізінде БҚНҚ бағалы қағаздар портфеліне жыл сайынғы қадағалап стресс-тестілеу өткізілді. БҚНҚ бағалы қағаздар портфелінің валюталық, пайыздық және бағалық тәуекелдерге сезімталдығын бағалау жүзеге асырылды. Сценарийлік талдау, сондай-ақ нарықтық тәуекелдердің БҚНҚ пруденциялық нормативтеріне әсерін талдау жүргізілді. Стресс-тестілеу нәтижелері стрестік сценарийлерде БҚНҚ портфельдері өзінің орнықтылығын сақтайтынын және пруденциялық нормативтердің талаптарына сәйкес келетінін көрсетті.

БҚНҚ-ның 2024 жылғы жиынтық таза пайдасы 58 млрд теңгені құрады, бұл 2023 жылмен салыстырғанда 102%-ға артық. 2024 жылдың қорытындысы бойынша брокерлердің және (немесе) дилерлердің және инвестициялық портфельді басқарушылардың меншікті капиталы нысаналы мәні кемінде 5% болған кезде, 2023 жылмен салыстырғанда 14,2%-ға ұлғайып, 528,3 млрд теңгені құрады.

2-стратегиялық бағыт. Қаржы секторының экономиканы қаржыландырудағы тиімділігін арттыру

2.1-мақсат. Екінші деңгейдегі банктердің нақты секторға кредит беруін кеңейту.

4-нысаналы индикатор: Банктердің бизнеске берілген кредиттерінің 2023 жылғы деңгейден өсімі – кемінде 20% (2025ж.01.01. – 16,3%).

2024 жылы Агенттік нақты секторға кредит беруді кеңейту бойынша жұмысты жалғастырды.

1. 2024 жылғы сәуірде кепіл институтының жер пайдалану құқықтары түріндегі тиімділігін арттыру бойынша заңнамалық түзетулер¹ қабылданды (соттан тыс тәртіппен немесе банкроттық және оңалту шеңберінде өткізу кезінде оған осындай құқықтар ауысқан кезде банктің уақытша жер пайдалану құқықтарын сатып алуы туралы талапты алып тастау).

2. 2024 жылғы маусымда бейрезидент-банктер есебінен синдикатқа қатысушылар құрамын кеңейтуді, қарыз шартын синдикатталған қарыз шартына айырбастау мүмкіндігін, «синдикатталған қарызды ұйымдастырушы» ұғымын және оның негізгі функцияларын енгізуді көздейтін синдикатталған кредиттеуді дамыту, борышкердің алдында ең көп берешек сомасы бар қоса кепіл ұстаушының басым құқығын белгілеу, сондай-ақ кепілге қойылған мүлікке сауда-саттықтан түскен түсімді бөлу тәртібін айқындау бойынша заңнамалық

¹ «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бизнес жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2024 жылғы 6 сәуірдегі № 71-VIII ҚРЗ Қазақстан Республикасының Заңы

түзетулер² қабылданды.

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ, «Самұрық-Қазына» ҰК» АҚ, ЕДБ, ҚҚҚ, «Атамекен» ҰКП және мемлекеттік органдардың қатысуымен 2023 жылы құрылған синдикатталған кредиттеу және қоса қаржыландыру жөніндегі Жобалық кеңсе шеңберінде жұмыс жалғастырылды. Жобалық кеңсе шеңберінде даму институттары екінші деңгейдегі банктермен бірлесіп жобаларды қалыптастыруды және қаржыландыруды жүзеге асырады. Жобалық кеңсенің жұмысы барысында құны 835 млрд теңге болатын 5 жоба қаржыландыруға мақұлданды, банктердің қатысу үлесі – шамамен 35%.

3. Экономиканың нақты секторының басым бизнес-жобаларын одан әрі кредиттеу үшін банктерді қорландырудың ұзақ мерзімді көздерін кеңейту мақсатында 2024 жылғы маусымда Ұлттық Банкпен бірлесіп 7 жылға дейінгі мерзіммен 500 млрд теңгеге дейінгі сомадағы нарықтық мөлшерлемелер бойынша банктердің облигацияларына зейнетақы активтерін инвестициялау тетігі бекітілді. Іске қосылған сәттен бастап банктер бизнестің инвестициялық жобаларын кредиттеу үшін 220 млрд теңге тартты.

4. 2024 жылы Агенттік банктердің капиталына қысымды азайту және қорландырудың тұрақты көздерін ұстап тұру үшін реттеуші талаптарды уақытша өзгерту арқылы банктерді корпоративтік кредиттеуге белсенді қатысуға ынталандыру жұмысын жалғастырды.

1) Банктердің өтімділігіне қысымды азайту үшін өтімділік коэффициенттерінің (LCR, NSFR) 0,9 деңгейінде төмендетілген мәндерінің қолданылу мерзімі 2026 жылғы 1 қаңтарға дейін ұзартылды. Өтімділік коэффициенттерін (LCR, NSFR) есептеу тәртібіне қойылатын талаптар да жеңілдетілді. Банктер қалыптастыратын провизиялар деңгейін төмендету үшін мәжбүрлі қайта құрылымдау өлшемшарттары жеңілдетілді.

Әкімшілік кедергілерді азайту және кредит беру туралы шешім қабылдаудың жеделдігін қамтамасыз ету үшін қаржылық және салық есептілігі арасындағы елеулі алшақтықтарды салыстыру және сипаттау бойынша талап 2026 жылғы 1 қаңтарға дейін кейінге қалдырылды. Сондай-ақ, кредиттік тәуекелді бағалау рәсімдеріне қойылатын талаптар, оның ішінде кепілді қабылдау және қарыз беру шеңберінде кепілге барып тексеруді жүргізуге, тәуелсіз бағалаушылар тарапынан кепілмен қамтамасыз ету құнын бағалаудың объективтілігін қамтамасыз етуге қойылатын талаптар жеңілдетілді.

2) Еншілес шетелдік банктердің бизнесті кредиттеу мүмкіндіктері кеңейтілді. Шетелдік капитал тарту үшін банктерді сыртқы міндеттемелерге капиталдандыру коэффициенті ұлғайтылды және елдегі жобаларды іске асыру үшін халықаралық қаржы ұйымдарының валюталық облигацияларына банктердің ішкі активтерін орналастыру белгіленді. Бұл еншілес шетелдік банктердің кейіннен отандық кәсіпкерлерді қаржыландырулары үшін бас банктерден қорландыруға қолжетімділігін кеңейтеді.

² «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кредит беру кезінде тәуекелдерді барынша азайту, қарыз алушылардың құқықтарын қорғау, қаржы нарығын реттеуді және атқарушылық іс жүргізуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2024 жылғы 19 маусымдағы № 97-VIII ҚРЗ Қазақстан Республикасының Заңы

3) 2024 жылғы желтоқсанда Агенттік банктерді кредиттеуге қатысуға ынталандыру үшін реттеушілік шаралардың жаңа кешенін қабылдады, оның ішінде:

– инвестициялық қарыздар үшін құнсыздану белгілердің болуының жекелеген өлшемшарттарын енгізу. Бұл банктерге жеке, сондай-ақ жобалық қаржыландыру шеңберінде инвестициялық қарыздарды кредиттеуге басым мүмкіндіктер береді;

– ШОБ субъектілері үшін қарыздың ең жоғары мөлшерін қайта қарау, оның шегінде қарыз алушының кредит қабілеттілігін талдаудың жеңілдетілген тәртібі қолданылады.

Жоғарыда аталған шаралар 2024 жылы бизнеске берілетін кредиттердің 3,1 трлн теңгеге дейін нысаналы көрсеткіш кемінде 20% болған кезде 16,3%-ға өсуіне ықпал етті. Нысаналы индикатордың ішінара орындалуы, негізінен, бизнес субъектілерінің ұзақ мерзімді қорларға қолжетімділігін шектейтін жоғары инфляцияның және мөлшерлемелердің сақталуымен байланысты. Нәтижесінде, бизнес көбінде 1 жылға дейінгі мерзімге қысқа мерзімді қарыздарды тартуға басымдық берді (жаңадан берілген қарыздардың шамамен 70%-ы).

2.2-мақсат. Сақтандыру секторының экономикадағы рөлін арттыру.

5-нысаналы индикатор: Сақтандыру ұйымдары активтерінің 2023 жылғы деңгейден өсімі - кемінде 10% (2025ж.01.01. – 25,3%).

2024 жылы сақтандыру ұйымдарының активтерін арттыру үшін Агенттік халықты және бизнесті сақтандырумен қамтуды кеңейту, сақтандыру қызметтерінің қолжетімділігін қамтамасыз ету және халықтың сақтандыру нарығына деген сенімін арттыру жөніндегі жұмысты жалғастырды.

1. 2024 жылы зиянды еңбек жағдайларында жұмыс істейтін қызметкерлерге жаңа арнайы әлеуметтік төлемдер енгізілді: зейнетақы алды аннуитеті, зардап шеккен қызметкерлерге оналту төлемдері және жұмыс берушіге алдын алу төлемдері. Аталған төлемдердің арқасында зиянды өндірістердің жұмыскерлері ерте зейнетке шығу мүмкіндігіне ие болды (55 жастан бастап). Енгізілген арнайы әлеуметтік төлемдер шеңберінде сақтандыру ұйымдары зиянды еңбек жағдайларында жұмыс істейтін қызметкерлермен 10 644 зейнетақы алды аннуитет шарттарын жасасты. Болашақ төлемдер үшін 24,7 млрд теңге мөлшерінде резервтер қалыптастырылды, 2,9 млрд теңге төленді.

2. 2024 жылғы сәуірде медицина қызметкерлерінің кәсіби жауапкершілігін жүктелген сақтандыруды енгізуді көздейтін Заңға³ қол қойылды. Сақтандырудың бұл түрі халықты медицина қызметкерлерінің кәсіптік қателіктерінен және сапасыз медициналық қызмет көрсетуден қорғауды қамтамасыз етеді. Шарттарды ресімдеу және төлемдерді жүзеге асыру үшін Бірыңғай сақтандыру пулының платформасы іске қосылды. 2024 жылғы қараша және желтоқсанда 918 шарт жасалды, олар бойынша 139 мыңнан астам қызметкердің жауапкершілігі сақтандырылды.

³ «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2024 жылғы 19 сәуірдегі № 74-VIII Қазақстан Республикасының Заңы

3. Жинақтап сақтандыруды қолдану аясы кеңейтілді. Қазіргі уақытта компаниялар Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі (МБЖЖ) шеңберінде өнімдер ұсынады. Бүгінгі таңда қазақстандықтар 670,5 млн теңге жалпы сомаға 3 мыңнан астам сақтандыру шартын жасасты.

2025 жылдың басында «Келешек» ерікті жинақтау жүйесін енгізу бойынша заңнамалық түзетулер қабылданды. Бұл жүйе МБЖЖ шеңберінде жасалған әрбір сақтандыру шарты немесе банктік салым шарты бойынша ағымдағы жылы 5 жасқа толатын баланың пайдасына мемлекет барлығы үшін 60 АЕК мөлшерінде және ХӘОТ (халықтың әлеуметтік осал топтары) санаты үшін 120 АЕК мөлшерінде бастапқы капитал есептеуді көздейді.

4. Сақтандыру компаниялары активтерінің өсуіне нарыққа жаңа қатысушының шығуы ықпал етті. 2024 жылы сақтандыру қызметін жүзеге асыру үшін «BCC Life» ӨСК» АҚ өмірді сақтандыру компаниясы лицензия алды. 2025ж.01.01. жағдай бойынша аталған компанияның активтері 10,3 млрд теңгені құрады.

Сонымен бірге жиналған сақтандыру сыйлықақылары көлемінің ұлғаюы (2024 жылы 1,5 трлн теңгеге дейін 50,6%-ға өсу), сондай-ақ сақтандыру ұйымдарының инвестициялық қызметтен түскен кірістерінің ұлғаюы (2024 жылы 150 млрд теңгеге немесе 78%-ға өсу) сақтандыру секторы активтері өсуінің факторлары болды.

Жоғарыдағы шаралар сақтандыру ұйымдары активтерінің жоспарлы мәні кемінде 10% болған кезде 2023 жылғы деңгейден 25,3%-ға өсуіне ықпал етті.

2.3-мақсат. Ұлттық қор нарығының экономиканы қаржыландырудағы және инвестициялар тартудағы рөлін күшейту.

6-нысаналы индикатор: KASE-ге тартылған қаражаттың жиынтық көлемінің 2023 жылғы деңгейден өсімі - кемінде 75% (2025ж.01.01.– 226%).

2024 жылы қор нарығында тартылған қаражаттың көлемін арттыру үшін Агенттік мынадай шаралар қабылдады.

1. Агенттік қор нарығы инфрақұрылымының жаһандық капитал нарықтарының экожүйесіне ықпалдасуын арттыру бойынша жұмыс жүргізді. Заңнамалық деңгейде отандық банктерге Орталық депозитарийде депоненттің атына ашылған депоненттің шоттарын басқару қызметтерін көрсету құқығы берілді.

2. Клирингтік орталықтың қызметін кеңейту жөнінде шаралар қабылданды, шаралардың нәтижесінде оған брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыру құқығы берілді. Мұндай шара Клирингтік орталықтың өз функцияларын орындау тиімділігін арттыруға және нарықта мәмілелердің орындалуына кепіл беруді қамтамасыз етуге бағытталған.

3. 2024 жылы KASE және AIX биржалары Tabadul Hub (Абу-Даби) цифрлық биржа хабына қосылды. Бұл қазақстандық инвесторларға Tabadul Hub қатысушыларының алаңдарында қаржы құралдарын сатып алуға, ал шетелдік инвесторларға қазақстандық бағалы қағаздармен мәмілелер жасауға мүмкіндік берді.

4. Инвесторлық базаның айтарлықтай өсуін ескере отырып, Агенттік өз тарапынан инвесторлардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды күшейту жөнінде шаралар қабылдады. Заңнамалық деңгейде күрделі қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша «шешім қабылдау кезеңі» енгізілді және біліктілігі жоқ инвесторлар үшін рұқсат етілген активтер тізбесі қайта қаралды.

Бұған қосымша, ұйымдастырылмаған нарықта мәмілелер жасасу кезінде бөлшек инвесторлардың қолайлығын қамтамасыз ету үшін Орталық депозитарийдің базасында қаржы құралдарымен сауда-саттықтың биржадан тыс платформасы (ОТС) іске қосылды.

Жоғарыда аталған шаралар ішкі нарықтағы сұраныс пен ұсынысқа оң әсерін тигізді, бұл, тұтастай алғанда, қор нарығының өтімділігін арттыруға ықпал етті.

5. 2024 жылы халықтың тарапынан қор нарығына деген қызығушылықтың артуы байқалды. 2025ж.01.01. жағдай бойынша Орталық депозитарийдің номиналды ұстау жүйесіндегі шоттардың саны 2023 жылмен салыстырғанда 43%-ға ұлғайып, 3,5 млн шот құраған. Мәмілелер саны 2023 жылмен салыстырғанда 2 млн мәмілеге дейін 2 еседен астам ұлғайды.

Жоғарыда көрсетілген шаралар KASE-ге тартылған қаражаттың жинақталған жиынтық көлемінің 2023 жылмен салыстырғанда кемінде 75% жоспарлы мәні кезінде 226%-ға өсуіне ықпал етті (2023 жылы 1,5 трлн теңге, 2023-2024 жылдары – 5,1 трлн теңге).

2.4-мақсат. Микроқаржыландыру нарығының экономиканың өсуін қамтамасыз етудегі маңызын арттыру.

7-нысаналы индикатор: МҚҚЖҰ несиелік портфельіндегі бизнеске берілетін микрокредиттердің үлесі - кемінде 50% (2025ж.01.01. – 58,9%).

Экономикалық өсуді қамтамасыз етудегі микроқаржыландыру нарығының рөлін арттыру үшін Агенттік мынадай шараларды қабылдады.

1. 2024 жылғы сәуірде МҚҰ-ға реттеушілік жүктемені төмендету және автоөнеркәсіпті дамыту үшін жағдай жасау мақсатында МҚҰ меншікті капиталының жеткіліктілігін есептеу кезінде берілген микрокредит сомасын толығымен өтейтін автокөлік құралының кепілімен қамтамасыз етілген тұтынушылық микрокредиттердің тәуекел саралауы 150%-дан 100%-ға дейін төмендетілді.

2. 2024 жылы тұтынушылық кредиттеуді ұлғайтуды ынталандырмау мақсатында қосымша реттеу шаралары енгізілді: қарыз алушы төлемді 90 күннен астам мерзімге кешіктірген кезде кредиттер беруге тыйым салу, кепілсіз тұтынушылық кредиттің ең жоғары сомасын шектеу, ЖТСМ шекті мәндерін төмендету, сондай-ақ онлайн-микрокредиттер бойынша микрокредиттің шекті мөлшерін 50 АЕК-тен 45 АЕК-ке дейін төмендету.

3. Микроқаржы секторында толыққанды тәуекелге бағдарланған қадағалауды енгізу мақсатында Агенттік МҚҰ қызметіндегі осалдықтар мен тәуекелдерді алдын ала анықтауға және қадағалаудағы субъектілердің тәуекелдер бейініне байланысты қадағалау әрекеттерінің қарқындылығын айқындауға бағытталған тәуекелге бағдарланған қадағалау әдіснамасын бекітті.

Бұдан басқа, Агенттік субъектілердің қаржылық орнықтылығын арттыруға және МҚҰ лауазымды адамдарының жауапкершілігін арттыруға бағдарланған МҚҰ тәуекелдерді басқару жүйесіне қойылатын талаптарды әзірледі және нарықпен келісті.

4. Көптеген субъектілерге неғұрлым тиімді бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру үшін Өзін-өзі реттеуді дамыту жөніндегі шаралар кешені бекітілді, әзірленді және 2024 жылғы қарашада микроқаржыландыру нарығы субъектілерін бақылаудың жекелеген функцияларын өзін-өзі реттейтін ұйымдарға (ӨӨҰ) беруді көздейтін түзетулер мемлекеттік органдарға келісуге жіберілді. Нарықтық тәжірибелердің өзгерістеріне жедел және икемді әрекет етуге қабілетті ӨӨҰ енгізу микроқаржыландыру нарығының ашықтығын және көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыруға, қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғауды күшейтуге және Агенттікке нарықты реттеу мен дамытудың неғұрлым өзекті мәселелеріне назар аударуға мүмкіндік береді.

Жоғарыда көрсетілген шаралар бизнеске микрокредиттерді 19,3%-ға 1 616 млрд теңгеге дейін ұлғайтуға ықпал етті, бұл жоспарлы мәні кемінде 50% болған кезде МҚҚЖҰ несие портфелінің 58,9%-ын құрайды.

3-стратегиялық бағыт. Қаржы ұйымдарының адал іс-әрекетін қамтамасыз ету, қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды күшейту

3.1-мақсат. Қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау жүйесін жетілдіру және халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру.

8-нысаналы индикатор: Қаржылық сауаттылық индексі – 41% (2024 жылы – 41,2%).

Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау жүйесін жетілдіру, халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру шеңберінде Агенттік мынадай іс-шараларды іске асырды.

1. 2024 жылы кредиттік бюролардың клиенттің кредиттік есебінде нақты уақыт режимінде жеке тұлғаның банктік қарыздар мен микрокредиттер алудан ерікті түрде бас тартуды белгілеуі не алып тастауы туралы ақпаратты көрсету міндеті енгізілді. Банктер мен МҚҰ үшін кредиттік есепте кредит алудан ерікті түрде бас тарту туралы белгі болған кезде кредиттер беруге тыйым салынды. 700 мыңға жуық азамат осы құқықты пайдаланып, оларға кредиттер ресімдеуге дербес тыйым салды.

Сондай-ақ қарыз алушыны сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері, сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесі, кредит бойынша артық төлем сомасы туралы, сондай-ақ мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң кредит беру шартының талаптарын өзгертуге өтінішпен кредиторға жүгіну мүмкіндігі туралы хабардар ету міндеті енгізілді.

2. Әр түрлі кредиторларда азаматтарға бір мезгілде бірнеше кредит ресімдеу кезінде тәуекелдерді азайту үшін банк пен МҚҰ нақты уақыт

режимінде (дереу немесе бір сағаттан аспайтын мерзімде) кредиттік бюроларға кредиттік өтінімдер бойынша мәліметтерді беру міндетін енгізді.

3. Мерзімі өткен берешекті реттеудің сотқа дейінгі тәртібін күшейту үшін 2024 жылғы желтоқсанда Банк омбудсманының халықтың барлық кредиттері бойынша дауларды шешу жөніндегі өкілеттігі заңнамалық түрде кеңейтілді және микроқаржы омбудсманы институты енгізілді.

Борышты өндіріп алу кезінде азаматтардың құқықтарын қорғауды күшейту үшін заң жүзінде борышкердің банктік шотында сақталатын ең төменгі сома 1-ден 2 ең төменгі күнкөріс деңгейіне (92,5 мың теңге) дейін көтерілді.

4. Банктерге Интернет арқылы банктік қарыз шартын жасасқанға дейін клиенттің ұялы байланыс құрылғысының абоненттік нөмірі туралы клиент енгізетін деректерді тексеруді және клиентті биометриялық идентификаттауды (екінші кезең) жүргізу талабы енгізілді. 2024 жылғы шілдеден бастап биометриялық идентификаттауды қайталанатын бақылау қозғалысы тізбегін (DEEP FAKE) биометриялық идентификаттау кезінде клиенттің орындалуын тексеру арқылы клиенттің биометриялық деректерін қолдан жасау үшін статикалық кескінді немесе бейнежазбаны пайдаланудан қорғау талабы енгізілді.

2024 жылғы тамызда Биометриялық идентификаттауды жүргізу қағидалары бекітілді.

2024 жылғы 20 тамыздан бастап жеке тұлғаны биометриялық идентификаттаусыз банктік қарыз және микрокредитті электрондық тәсілмен беруге тыйым салынды. Сондай-ақ, кредиторлардың алаяқтық кредиттер бойынша тергеу іс-шараларын жүргізудің барлық кезеңіне сыйақы есептеуді және талап-арыз жұмысын тоқтата тұру жөніндегі міндеті көзделген. Бұл ретте клиентке қойылатын талаптар клиенттің қатысуынсыз алаяқтық тәсілмен қарызды ресімдеу фактісі белгіленген заңды күшіне енген сот шешімі бойынша тоқтатылады.

2024 жылғы 1 қыркүйектен бастап кредит берушілердің кредит алудан бас тарту кезеңінде заңсыз ресімделген азаматтардың кредиттері бойынша борышты есептен шығару міндеті енгізілді.

Қаржылық алаяқтыққа қарсы іс-қимыл шеңберінде алаяқтық тәуекелдерін басқару жүйесін қалыптастыру, антифрод бөлімшесін құру және Ұлттық Банктің Антифрод-орталығына деректерді жедел беруді қамтамасыз ету үшін екінші деңгейдегі банктердің антифрод жүйесіне қойылатын талаптарды белгілеу арқылы алаяқтықтың алдын алу бойынша қосымша шараларды қамтамасыз ету талаптары бекітілді.

5. 2024 жылы Агенттік азаматтарды қаржылық оқыту бойынша жұмысты жалғастырды.

1) Fingramota.kz интернет-порталда қаржы нарығы мәселелері бойынша ақпараттық материалдар жүйелі негізде жарияланады. Facebook, Instagram, Telegram-дағы FinGramota ресми аккаунттарында 2024 жылы 298 материал жарияланды, 1,4 млн-нан астам қаралымды қамтитын 1,7 мыңнан астам пост орналастырылды. Instagram-да жиынтығы 39,9 мыңнан астам қаралым қамтылған 46 тікелей эфир өткізілді.

Халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру, қаржылық алаяқтыққа,

қаржы пирамидаларына қарсы іс-қимыл және қаржы өнімдерін пайдалану дағдыларын арттыру жөніндегі ақпараттық-түсіндіру жұмысының бірлескен жоспары (бұдан әрі – Медиажоспар) шеңберінде Мәдениет және ақпарат министрлігімен бірлесіп 2024 жылы республикалық және өңірлік БАҚ-та қаржылық сауаттылық бойынша 4,8 мың материал, сюжет жарияланды.

Call-орталық, «Fingramota Online» мобильді қосымшасы және Fingramota.kz сайтының «Онлайн-кеңесші» сервисі арқылы 2024 жылы жеке және заңды тұлғалардан 24,2 мыңнан астам сұрақ келіп түсті, олар бойынша жедел кеңес берілді. Азаматтарды барынша қамту үшін «Халықтық радио» республикалық радиостанциясында 60 «Fingramota.kz-пен бес минут» бағдарламасы іске қосылды, оның ішінде 30 радиобағдарлама мен 20 аудиоролик интернет-алаяқтық пен қаржы пирамидаларына қарсы іс-қимыл тақырыбына арналған.

2) 2024 жылы қаржы қоғамдастығымен және жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп Қаржылық сауаттылық бойынша оқытуды жүргізудің бірыңғай жоспарын (бұдан әрі – Бірыңғай жоспар) іске асыру жалғастырылды. Бірыңғай жоспар шеңберінде Агенттік мемлекеттік органдармен, қаржы және қоғамдық ұйымдармен бірлесіп 21,4 мыңнан астам тыңдаушыны қамти отырып, 86-дан астам оқыту іс-шараларын өткізді. Ауыл тұрғындарын қаржылық сауаттылық бойынша білім беру іс-шараларымен қамтуды ұлғайту үшін әр облыстың ерекшелігін ескере отырып өңірлік бағдарламалар іске асырылды. Ірі кәсіпорындармен меморандумдар жасалды, оның шеңберінде 9,9 мыңнан астам тыңдаушыны қамти отырып, көшпелі 18 іс-шара өткізілді.

3) Агенттіктің қолдауымен «Қарызымыз қоғам» білім беру жобасын қамтуды кеңейту бойынша Жол картасын іске асыру үшін 180 мың азамат оқытудан өтті, оның ішінде ауылдық аймақтардың тұрғындары – 96 512 адамды (53,6%) құрайды. Жол картасы азаматтарды қаржылық сауаттылық негіздеріне оқыту, оның ішінде олардың проблемалық берешегін реттеу және жұмысқа орналастыру мәселелері бойынша кеңес беру бойынша жәрдем көрсету шараларын көздейді.

Халықтың қаржылық сауаттылығының индексі қаржылық қызметтерді пайдаланудың жүйелілігімен, сатып алатын қаржы өнімдерінің талаптарын түсінумен, сондай-ақ шарттық міндеттемелерді уақтылы орындаумен айқындалады. Әлеуметтанушылық зерттеу қорытындысы бойынша жоспарлы мәні 41% болған кезде, 2024 жылы қаржылық сауаттылық индексі 41,2%-ды құрады.

4-стратегиялық бағыт. Қаржылық технологиялар мен инновацияларды дамыту

4.1-мақсат. Цифрлық инфрақұрылымды дамыту және қаржы нарығында инновацияларды енгізу.

9-нысаналы индикатор: Қазақстан Республикасының Қаржы секторын дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарының 2. «Инновацияларды, қаржылық технологияларды, жаңа бизнес-модельдерді және қаржы нарығындағы құзыреттерді дамыту» бағыты бойынша Агенттікке бекітілген іске асырылған іс-шаралар коэффициенті - 34% (2024 жылы – 37,5%)

Бұл индикатор Қазақстан Республикасының Қаржы секторын дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын⁴ іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарының 2. «Инновацияларды, қаржылық технологияларды, жаңа бизнес-модельдерді және қаржы нарығындағы құзыреттерді дамыту» бағыты бойынша іс-шаралардың орындалу деңгейін көрсететін көрсеткіш болып табылады (бұдан әрі – ҚСДТ жоспары).

2024 жылға ҚСДТ жоспарының 2. «Инновацияларды, қаржылық технологияларды, жаңа бизнес-модельдерді және қаржы нарығындағы құзыреттерді дамыту» бағыты бойынша іске асыру Агенттік пен Ұлттық Банкке бекітілген 4-іс-шара жоспарланған:

1. Агенттік екінші деңгейдегі банктердің тәуекел-менеджмент жүйесіне ESG қағидаттарын енгізу бойынша жұмысты жалғастыруда. Агенттік Басқармасының 27.12.2024 ж. № 93 қаулысымен⁵ түзетулер қабылданды, оған сәйкес екінші деңгейдегі банктер ESG-тәуекелдерін және олардың ықтимал салдарын басқару тәсілдерін, оның ішінде салада ESG-саясатын қабылдау арқылы жария етуі тиіс. Экологиялық, әлеуметтік жауапкершілік және корпоративтік басқару (ESG) өлшемшарттары бойынша ақпаратты жария ету банктің жылдық есебі және (немесе) орнықты даму жөніндегі жеке есепті жариялау шеңберінде жүзеге асырылатын болады (2.1 «ESG қағидаттарына сәйкестігі бойынша тәуекелдерді басқарудың ішкі жүйелеріне және қаржы ұйымдарының корпоративтік басқаруына қойылатын талаптарды бекіту» іс-шарасы, 3 «ESG қағидаттарын енгізу» міндеті).

2. Агенттік қаржы ұйымының басшы қызметкерлерінің мінсіз іскерлік беделі ұғымын кеңейтуді және құқыққа қайшы әрекеттері (әрекетсіздігі) қаржы ұйымын мәжбүрлеп таратуға/банкроттыққа әкеп соққан адамдар үшін шектеулер енгізуді көздейтін заңнамалық түзетулер әзірледі.

Премьер-Министр О.А. Бектеновтің 2024ж.28.10. №12-18/3909-4 ДП қарарына сәйкес Заң жобасына түзетулер мақұлданды және Парламентке жіберілді. 2024 жылғы қарашада түзетулер Парламент Мәжілісінің қарауындағы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы ұйымдарының қызметін реттеу және қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасына енгізілді (3.1 «Құқыққа қарсы әрекеттері не әрекетсіздігі қаржы ұйымын мәжбүрлеп таратуға немесе оны банкрот деп тануға әкеп соққан адамдардың басшы лауазымға орналасу мүмкіндігін болдырмау мақсатында мінсіз іскерлік беделіне қойылатын талаптарды белгілеу» іс-шарасы, 4 «Қаржы нарығындағы құзыретті дамыту» міндеті).

3. Агенттік 2024 жылдан бастап толығымен мемлекеттік органдардың

⁴ «Қазақстан Республикасының қаржы секторын дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 26 қыркүйектегі № 1021 Жарлығы

⁵ «Банктік қызметтерді көрсету және банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың банктік қызметтерді көрсету үдерісінде туындайтын клиенттердің өтініштерін қарау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 28 шілдедегі № 136 қаулысына және «Екінші деңгейдегі банктерге, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдарына арналған тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 12 қарашадағы № 188 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Агенттік Басқармасының 2024 жылғы 27 желтоқсандағы № 93 қаулысы

бірыңғай бұлттық құжат айналымына (бұдан әрі – БҚА) көшті. Агенттіктің БҚА-ға көшуі қаржы нарығының қатысушыларына Агенттікпен төмендегілер арқылы электрондық құжат айналымын ұйымдастыруға мүмкіндік берді:

1) БҚА-мен интеграцияланған «Documentolog» электрондық құжат айналым жүйесіне (бұдан әрі – ЭҚЖ) қосылу;

2) Smart Bridge-де орналастырылған интеграциялық сервистер арқылы меншікті ЭҚЖ-ның БҚА-мен интеграциясы.

Агенттіктің қаржы нарығына қатысушылармен құжат айналымының ең үлкен көлемі қаржылық қызметтерді тұтынушылардың жолданымдары мен шағымдарын қараумен байланысты екенін ескере отырып, 2024 жылғы 12 наурыздан бастап қаржы нарығының қатысушыларын «e-Otinish» ақпараттық жүйесіне қосу жұмыстары жүргізілуде.

Процестерді оңтайландыру және қаржылық қызметтерді тұтынушылардың жолданымдарын қарау мерзімін қысқарту, оларды қарау кезінде қағаз түріндегі құжат айналымын болдырмау шеңберінде Агенттік ЦДИАӨМ-мен және «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ-мен бірлесіп екінші деңгейдегі банктерді, микроқаржы және сақтандыру ұйымдарын, ломбардтарды, сондай-ақ қаржы ұйымдарының тарату комиссияларын, коллекторлық агенттіктерді және қаржы омбудсмандарын қоса алғанда 100-ден астам қаржы ұйымдарын «e-Otinish» ақпараттық жүйесіне қосу жұмыстарын ұйымдастырып, жүргізді.

Іске асырылған шаралар Агенттікке қаржы ұйымдарының атына өтініш берушілердің жолданымдары бойынша сұрауларды электрондық нысанда жіберуге мүмкіндік береді.

Қалған қаржы ұйымдарын «e-Otinish» ақпараттық жүйесіне кезең-кезеңмен қосу жұмыстары 2025 жылы жалғастырылатын болады (3.1 «Қаржы нарығына қатысушылармен «бірыңғай терезе» қағидаты бойынша электрондық құжат айналымына өту» іс-шарасы, 5 «Қаржы нарығына қатысушылармен өзара іс-қимыл тетіктерін жетілдіру» міндеті).

4. Қаржы ұйымдарының ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ қашықтықтан қадағалауды жүзеге асырудың тиімділігін арттыру және ақпараттық қауіпсіздік саласындағы қаржы нарығы субъектілеріне құжаттамалық тексерулер жүргізу мақсатында Агенттік Төрағасының 2024ж.21.10. № Б-346⁶ бұйрығымен Қаржы ұйымдарының кибероқыс оқиғаларға ден қою тиімділігін қадағалауды жүзеге асыру регламенті бекітілді.

Регламентте Агенттік қызметкерлерінің қаржы нарығы субъектілеріндегі ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғалары туралы ақпаратты жинау және талдау, сондай-ақ қадағалау ден қою шараларын қолдану талаптары көзделген (2.3 «Қаржы ұйымдарының кибероқыс оқиғаларына ден қою тиімділігін тұрақты тексерулер енгізу» іс-шарасы, 6 «Ақпараттық қауіпсіздік және киберқауіпсіздік» міндеті).

2024 жылдың қорытындысы бойынша ҚСДТ жоспарының 2 «Инновацияларды, қаржылық технологияларды, жаңа бизнес модельдерді және қаржы нарығындағы құзыреттерді дамыту» бағыты бойынша жоспарланған іс-

⁶ Агенттік Төрағасының «Қаржы ұйымдарының кибер оқыс оқиғаларға ден қою тиімділігін қадағалауды жүзеге асыру регламентін бекіту туралы» 2024 жылғы 21 қазандағы № Б-346 бұйрығы

шаралар орындалды және іске асырылған іс-шаралар коэффициенті жоспар 34% болғанда 37,5%-ды құрады.

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің стратегиялық жоспарының 2024 жылы іске асырылуы бойынша қорытындылар және ұсыныстар

2024 жылы Қазақстанның қаржы секторы тұрақты геосаяси тәуекелдер мен ішкі макроэкономикалық сын-қатерлер жағдайында дамыды. 2024 жылдың қорытындысы бойынша Агенттік Агенттіктің 2024-2028 жылдарға арналған Стратегиялық жоспарының 8 нысаналы индикаторына толық көлемде қол жеткізді, 1 нысаналы индикатор («Банктердің бизнеске берілген кредиттерінің 2023 жылғы деңгейден өсімі») 81,5%-ға орындалды (жоспар бойынша 16,3% болғанда, факт 20%), бұл көбінесе жоғары инфляция мен мөлшерлемелердің сақталуымен байланысты.

2024 жылы Агенттік нақты секторға кредит беруді кеңейту үшін ынталандырушы пруденциалдық шаралар кешенін қабылдады, тұтынушылық кредит беруді ынталандырмау жөнінде шаралар енгізді, синдикатталған кредиттеу және қоса қаржыландыру тетіктерін дамыту үшін жағдайлар жасалды, Ұлттық банкпен бірлесіп, банктерге ұзақ мерзімді қорландыруды ұсыну үшін БЖЗҚ зейнетақы активтерін нарықтық жағдайларда жеті жылға дейін көлемі 500 млрд теңгеге дейінгі банктердің облигацияларына инвестициялау тетігі іске қосылды, сондай-ақ бизнеске кредит беру процестерін цифрландыру жалғасуда.

Банктік корпоративтік кредит беруді іске қосудың маңызды талаптары тиісті макроэкономикалық жағдайларды қамтамасыз ету және корпоративтік сектордың орнықтылығын арттыру болып қалуда. Бұл жағдайларда Агенттіктің, Ұлттық Банктің және Үкіметтің өзара іс-қимыл жасау кезінде негізгі жұмыс бағыттары кепілдік беру жүйесінің әлеуетін арттыру, фискалдық ынталандыру шараларын пысықтау және кредиттік процестерді цифрландыруды одан әрі дамыту болып табылады. Сонымен қатар, Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес әзірленіп жатқан Банктер туралы заң банк секторының тиімді дамуы және оның мемлекеттің экономикалық басымдықтарын қолдаудағы рөлін арттыру үшін жаңа серпін беруді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.